

**Мектеп-лицейдің  
директоры бос лауазымына үміткерлерді таңдау**

**Қатысушылар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 6 адам  
Нұр-Сұлтан қаласының білім сапасын қамтамасыз ету басқармасы бас маманы –  
Куттыбай Үміт Мархабайқызы

**Күн тәртібінде:**

1. №76 мектеп-лицей директоры лауазымына тағайындау туралы

**Тыңдалды:**

Алдымен хатшы конкурсқа қатысушы үміткерлермен таныстырды. Регламент: миссияны қорғауға 7 минут, сұрақ-жауапқа 3 минутты бекітті.

I. Бірінші үміткер Шұғыла Ергалиевна таныстырылды. Ол өзінің таныстыруында №76 мектеп-лицейдің ашылуынан бастап аталған мектепте жұмыс істесе, ал 2018 жылдан бастап «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының менеджер-әдіскері, тренері. педагогикалық шеберлік орталығының менеджер-әдіскері екенін атап өтті. Назарбаев зияткерлік мектебінен тәжірибелер жинақтағанын айтты.

Шұғыла Ергалиевна өзінің миссиясын «Бақытты мұғалім – Бақытты оқушы –Бақытты мектеп» деп алуы, мұғалім мектептің білім сапасын арттырып, оқушыны қолдайтын бақытты мектеп құру. 2021-2026 жылдарға арналған мектептің даму жоспары:

- Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары.
- Тәрбие тұжырымдамасының негіздері, 2015 ж
- Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары;
- Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының стратегиялық даму жоспары
- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде жасалды.

**Мақсаты** - Мектептегі әрбір тұлғаның жалпы мәдениетін дамытуға, ХХІ ғасырға лайықты оқыту мен оқуға қажет білім мен дағдыны қалыптастыруға, өзгерістерге дайын болу қаблеттерін жетілдіруге бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру. Үдерістерді жүргізу, бақылау, бағамдау, басқару, атқарылған әрекеттердің тиімділігін арттыру.

**Құндылықтар** - Жалпы және ұлттық құндылықтарды меңгеру арқылы тәрбиеленген, өз бетінше білім алуды үйренген, кең ауқымды дағдыларды меңгерген оқушы.

Сұрақ: неге даму бағдарламаңызды 2011-2020 жылдармен алғансыз? Жаңа бағдарламаның ашылғанына біраз болды, биыл 2021 жыл, ал сіз «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының менеджер-әдіскері ретінде бұған назар аударуыңыз керек еді.

Үміткерден жауап болмады.

Сұрақ: қазіргі уақытта мектепте инклюзивті оқу маңызды. Осы инклюзивті оқытуға қандай жағдай жасайсыз және көзқарасаңызды айтсаңыз.

Жауап: инклюзивті оқуға көзқарасыңызға қосыламын, бәрі бірдей болуға құқылы. Бұрын оларды үйде оқытатынбыз, енді ортада арнайы мамандар оқытып жатыр.

Үшінші сұрақ: мектепке директор болып келсеңіз, қандай жобалармен жұмыс істейсіз?

Жауап: қажеттілікті ескере отырып, жағдай жасауға болады.

Сұрақ: сізде Ы.Алтынсарин Құрмет грамотасы бар екен, оқулық жасауда еңбегіңіз бар ма?

Сұрақ: сізде Ы.Алтынсарин Құрмет грамотасы бар екен, оқулық жасауда еңбегіңіз бар ма?

Жауап: жоқ, оқу бағдарламасын қарастыруға, онлайн мектептерде сабақ бердім.

Сұрақ: академиялық адалдыққа көз қарасыңыз?

Жауап: соны қолдаймын. Оқу семинарын ұйымдастыруда интернеттен көшірмей, плагиаттың не екенін біліп, материалдарға дерек көзіне сілтеме жасауға, сауатты пайдалану туралы оқу-семинарында айтамын.

Сұрақ: Өзіңіздің педагог ретіндегі бір кемшілігіңізді, менеджер ретіндегі бір кемшілігіңізді атап айтсаңыз.

Жауап: менеджер – ол басқару, қарым-қатынас құру.

Сұрақ: жоқ, педагог және менеджер ретінде кемшіліктеріңізді атаңызшы?

Жауап болмады.

**II. Екінші болып үміткер Қиянов Алмаз Оралович таныстырылды. Ол мектептің әлсіз жақтарын ескеріп, соның шешу жодарын ұсынды.**

Бірінші сұрақ: пән олимпиадаларына қандай үлес қосасыз, үлесіңіз?

Жауап: тек дарынды оқушылармен ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен оқушыларды ынталандырамын.

Сұрақ: Даму бағдарламасында инклюзивті оқытуға педагогтердің дайындығын қамтамасыз етуді өзіңізге міндет ретінде алған екенсіз. Білім туралы заңда көрсетілген инклюзивті оқытуға жасалуы тиіс жағдайларды сипаттап берсеңіз және сол жағдайларға өзіңіздің көзқарасыңызды білдірсеңіз. Жауап: сыныпта 1-2 баладан артық отырғызбаймын, әйтпесе ол коррекциялық сынып болады. Мұғалімдерді арнайы курсқа жіберемін.

Сұрақ: Бұл мектеп халықаралық жобаларға қатысып жатыр, әрі қарай дамытуға сіз не қосасыз?

Ж: ecoLife халықаралық жобасын қосамын.

Сұрақ: жан басына қаржыландыру бойынша қандай мәлімет білесіз? Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жан басына қаржыландыру құрылымы бойынша не білесіз? Мектеп бюджеті қанша?

Жауап: мектепте қанша бала оқыса соған төленеді. Құрылы мен бюджетті білмеймін.

Сұрақ: буллингті болдырмау үшін не істейсіз?

Жауап: оқушылардың қызығушылығын зерттеу, дебат өткізу т.б. Яғни, назарын қызығушылықтарына аудару.

Сұрақ: Министрлікке электронды сигареттің алдын алу туралы хат жазылды ма?

Жауап: ия, жасөспірімдер жұмысымен айналысатын инспекторымен бірігіп, дүкендерде сатылымына тиым жасау.

**III. Үшінші болып, үміткер Сейдеш Ботагөз Болатбековна таныстырылды. Еңбек жолын Астана қаласынан бастаған. Педагогикалық еңбек өтілі – 24 жыл, оның ішінде 10 жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып, ал осы мектепте 2018 жылдан бастап жұмыс істеп, осы уақытқа дейін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келгенін атап өтті.**

Ботагөз Болатбековна мектеп-лицей миссиясы: «Жеке жетістікпен & коллаборативті мәдениетпен жахандық бәсекелестікке!» екенін айтты. Сонымен қоса мектептің дамуын пайымдауы: блім алушылардың үйлесімді дамуына қажетті эмоционалдық, инновациялық, интеллектуалдық және қауіпсіз орта деп тоқталды.

Негізгі мектеп құндылықтарын да айтып кетті.

**Құндылықтар:**

Қ Ұ Р М Е Т  
И Н Т Е Л Л Е К Т  
А Д А Л Д Ы Қ  
К Ө Ш Б А С Ш Ы Л Ы Қ  
Д Е Н С А У Л Ы Қ

Бірінші сұрақ: осы мектеп биыл халықаралық аккредитациядан өту керек еді, соны қалай дайындайсыз?

Жауап: біз өзімізді ұсына аламыз. Қазіргі уақытта халықаралық үш жобамен жұмыс істеп жатырмыз. Соған орай біз төртінші жобамызбен кіре аламыз. Төртінші жобамыз Нью-Йоркпен біріккен ЕАЖ жобасымен оқып, жұмыс жасап жатырмыз. Мектептің ШЖҚ МКК болғаны тек КММ мектептерге қарағанда мүмкіндіктері мен мектеп деңгейі жеткілікті. Бес мұғалім Кембриджға, екі мұғалім Грузияға, өзім Жапонияға барып, іс-тәжірибемен бөлісіп қайттық.

Сұрақ LS бойынша супервайзер екенсіз? Қаржылық ресурстарға не ұсынасыз?

Жауап: Әр мұғалімге өз жұмысын ұсынып, оқушы қызығушылығын зерттеп, ата-анамен келісіп оқушы сұранысына қарай ақылы курстар жасап отырмыз. Оқушылар өз туындыларын сата алады. Бұл оқушының уақытын бос өткізбеуіне мүмкіндік беретіні ата-ананы қанағаттындырды.

Сұрақ: бағдарламада оқу үрдісіне қатысушы кім?

Жауап: оқушы, мұғалім, ал ата-ана байланыс.

Сұрақ: буллингке не істейсіз?

Жауап: бұл ауқымды мәселе. Он жыл тәрбие завучы міндетін атқарғандықтан бұл мәселеге алаңдаймын. Тәрбие саласына аса назар бөліп, оған бекітілген жоспарларды назарымда ұстаймын.

Сұрақ: осы мектепте жасалып жатқан жобаларда қосқан бастамаңыз болды ма?

Жауап: барлық жобада өзім жүремін. Біз біраз өзгерістерге ендік, бұл зерттеу жобалары білім саласында отандық және халықаралық зерттеу жұмысына арналған әдебиеттерді оқуға, талдауға әкелдім. Басты назар сандық деректе емес, сапалық деректе болу керектігін ұстанамыз. Осы жобалар арқылы жартылай сұхбат арқылы «оқушы үні», «мұғалім үні», ата-ана пікірін тыңдай отырып, анықталған мәселелерді шешуге үлес қосып келемін.

Сұрақ: мектепте барлығы қанша жоба? Жобаның тым көптігінен, ұжымды шаршатып алмайсыз ба?

Жауап: мектепте мұғалімге қолайлы жағдай жасай отырып, бөлінген көшбасшылықтар бойынша, нәтижеге жұмыс жасай отырып, шаршатпауға тырысамыз. Керісінше мұғалім тарапынан зерттеуге қызығушылық жоғары және зерттеу жұмыстарына өздерінен сұраныс түсуде.

**IV.** Соңғы үміткер Атантаева Замира Шайзатовна таныстырылды. Ол өзінің 28 жыл бойы мектепте жұмыс істеп, 2018 жылы шебер –педагог біліктілігін арттырғанын, 2018 жылы «Мектепті басқару көшбасшысы», «Мектеп тренері», 2019 жылы «Мектепті тиімді басқару», 2020 жылы «Білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру», «Қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшысы», 2021 жылы «Білім берудегі менеджмент: ұжымды басқару» курстарын оқып алғандығын айтып бастады. Миссиясы: Педагогтердің зерттеу құзыреттілігін ұлттық педагогикалық идеялар негізінде дамыту.

Сұрақ: ЮНИСЕФ-тің баланы қолдау жобасы бар, яғни мектептен шығып қалмау жобасы туралы не білеміз?

Жауап: білемін, бірақ толық емес.

Сұрақ: инклюзивті оқытуға қандай жағдай жасайсыз және көзқарасаңызды айтсаңыз.

Жауап: ол балаларға қарап, сыныпта, ортаға қалай бейімдеуіміз керек? Сабағын жеңілдетуіміз керек. Бұл ата-ана мен балаға ыңғайлы.

Сұрақ: осы мектепте шет елдерде білім алып, тәжірибе алмасқан мұғалімдер көп. Осыған сіздің ойыңыз қандай?

Жауап: қолдаймын. Бұл дұрыс!

Сұрақ: сіз осы мектептің директоры болсаңыз, халықаралық аккредитацияға дайындығыңыз қалай болар еді?

Жауап: құжаттарады реттеп, кезең-кезеңмен өтіп, қорытынды нәтиже шығарамын.

М.Қарабаев: мен Қамқоршылық кеңесте бұрынғы директор С.Тулекованың кезінен бастап істеп келемін. Мен мектеп жағдайымен толық таныс болғандықтан, дауысымды Б.Сейдешке беремін. Себебі: ол мектеп ұжымын, мектеп әл-аухатын толық білгендіктен мектепті сол күйінде дамыта алады.

А.Мұстафа: Б.Сейдеш жұмысты тоқтатпай, әрі қарай алып кететініне толық сенемін.

Б.Исаев: Б.Сейдеш білікті маман, ал З.Атантаева ментор, менеджерлік дағдысы болғандықтан сол жүргізу керек. Ал, Б.Сейдешке менеджерлік дағдысын дамыту керек. Дауысымды З. Атантаеваға берем.

Осы кезде М.Қарабаев сөз алды: осы мектептен екі директордың орынбасарлары басқа мектептерге директорлық қызметке, ал үш мұғалім директордың орынбасарлары болып тағайындалды. Егер, ол кісілер, тек маман болса, онда басқа мектептерде осындай жауапты лауазымдарды абыроймен, асқан жауапкершілікпен атқара алады ма?

А.Шамшейтова дауыс беруге қосылатындығын айтты..

А.Құрмансейіт: бұл мектепте инклюзивті оқытуға байланысты жобалар жоғарғы деңгейде жүріп жатыр. Осы жобалар орта жолдан қалмай әрі қарай дамып, тоқтамай жалғасын тапса. Бәрі де өз ісін білетін, сауатты мамандар. Барынша объективті дауыс беру керек. 57 бұйрықтың 77 тармағына сәйкес екі адамнан артық емес үміткер жіберу керекпіз. Соған орай басым дауыс жинаған бір үміткерді жібергеніміз дұрыс.

Директордың бос лауазымына кеңес мүшелері дауыс беру рәсімімен жалғастырды.

Калиханова Шұғыла Ергалиевнаға

«ИӘ» - 0.

«ҚАРСЫ» - 6

«ҚАЛЫС» - 0

Қиянов Алмаз Ораловичке

«ИӘ» - 0

«ҚАРСЫ» - 6

«ҚАЛЫС» - 0

Сейдеш Ботагөз Болатбекқызына

«ИӘ» - 5

«ҚАРСЫ» - 0

«ҚАЛЫС» - 1

Атантаева Замира Шайзатовнаға

«ИӘ» - 1.

«ҚАРСЫ» - 5

«ҚАЛЫС» - 0

#### ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңестің ұйғарымымен №76 мектеп-лицей директоры бос лауазымына басым дауыс жинаған Сейдеш Ботагөз Болатбекқызын ұсынамыз.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Қарабаев М.К.

Балгазина К.К.